

## Келісімшарт № \_\_\_\_\_

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының филиалын ұйымдастыру туралы  
**«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС**

Алматы қаласы

" \_\_\_\_\_ 2019 ж.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, - (бұдан әрі "Университет") - атынан Жарғының негізінде әрекет ететін, журналистика факультетінің деканы Медеубек Сағатбек Медеубекұлы бір тараптан және «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, - бұдан әрі "Ұйым", - Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы Тойбаева Жадыра Нұрбайқызы екінші тараптан, (бұдан әрі "Тараптар") төмендегідей Келісімшарт жасады:

### **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР:**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Кафедра филиалы туралы Ережесіне сәйкес Тараптар **«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС базасында** кафедра филиалын құруға келісті.

Кафедра филиалын құру мақсаты – «Баспа ісі», «Дизайн» мамандықтары бойынша білім алушылардың, ізденушілердің кәсіби білігін өндірістік тәжірибе негізінде жетілдіру, оқу үдерісінің практикалық бағытын күшейту, сондай-ақ бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, олардың нәтижелерін өндіріске енгізу.

Кафедраның өндірістік филиалы кафедра оқу-ғылыми бөлімшесі болып табылады. Филиал жұмысы ұйым базасында жүргізіледі, филиал штаты кафедра мен ұйым қызметкерлерінен құралады.

Кафедра филиалының оқу процесін қамтамасыз етуге және ғылыми-зерттеу жұмыстарды жүргізуге қажет материалдық-техникалық базасын ұйым мен университет бірлесіп құрады және жетілдіреді.

### **2. КӘСІПОРЫННЫҢ МІНДЕТТЕРІ**

2.1. Кафедра филиалының жұмысына қажетті жағдайлар жасау:

- а) жалдау ақысын алмай оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізу үшін оқу жайын бөлу және оны жабдықтау;
- б) оқу сабақтарын және ғылыми-техникалық зерттеулер жүргізу үшін құрал-жабдықтар, құрал-саймандар, басқа да құралдар беру;
- в) студенттер мен оқытушылардың қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету;
- г) кафедраны көрнекі құралдармен жабдықтау үшін практикалық көмек көрсетуге деп шығарылатын өнімнің және т. б. үлгілер түріндегі құралдармен қамтамасыз ету;
- д) бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік жасау және оның нәтижелерін өндіріске енгізу;

е) «Баспа ісі», «Дизайн» мамандықтары бойынша бакалавриатта, магистратурада және докторантурада практиканың барлық түрлерін жүргізу мақсатында ұзақ мерзімді келісімшарттар жасау;

2.2. Оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін филиалды ұйымның білікті қызметкерлерімен қамтамасыз ету.

2.3. Студенттердің курстық, дипломдық жұмыстарының (жобаларының), магистранттар мен докторанттар диссертацияларының және кафедра ОПҚ-ның ғылыми-зерттеулерінің тақырыптарын бекітуге, жүзеге асыруға қажеттілігі мен мүмкіндіктеріне орай ұйымның өкілдерін қатыстыру.

2.4. Тәрбие жұмысының жоспары бойынша іс-шараларды ұйымдастыру.

2.5. Кафедра оқытушыларының тағылымдамадан өтулеріне жағдайлар жасау.

### **3. УНИВЕРСИТЕТТІҢ МІНДЕТТЕРІ**

3.1. Филиал құру үшін кафедра сағатының жалпы көлемі мөлшерінде оқу жүктемесін бөлу. Ұйым базасында филиал шеңберінде мынаны жоспарлау керек:

- 6В02101-Баспа ісі, 7М02101-Баспа ісі пәндері бойынша зертханалық-тәжірибелік сабақтар;

- студенттердің өндірістік (диплом алдындағы) практикасы;

- курстық жобалар (жұмыстар);

- диплом жобалары (жұмыстары);

- ғылыми зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелерін өндіріске ұсыну, енгізу.

3.2. Филиалды жоғары білікті қызметкерлермен қамтамасыз ету.

3.3. Филиал жұмысына білікті басшылықты қамтамасыз ету, ішінде:

- филиалдың жұмыс жоспарын әзірлеу;

- оқу кестесін құру;

- сабақ кестесін құру;

- оқу жүктемесінің тізбесін құру;

филиал қызметкерлерінің;

- ғылыми-зерттеу жұмысының орындалуын үйлестіру;

- филиал меңгерушісінің есебін тыңдау.

3.4. Ұйымның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, курстық, дипломдық жұмыстар (жобалар) тақырыбын келісу.

3.5. Келісімшарт негізінде кәсіпорынның өтінімдері бойынша мамандарды мақсатты түрде даярлауды жүргізу. Ұйым қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін қосымша келісімшарт жасап жәрдем көрсету.

3.6. Ұйым қызметкерлері қатарынан ізденушілердің ғылыми жетекшілігін қамтамасыз ету.

#### 4. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

4.1. Келісімшарт екі тарап та қол қойған сәттен бастап күшіне енеді. Тараптар 7 жыл бойы әрекет етеді. Келісімшарт оны жасасуға қатысатын тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы немесе ұзартылмауы мүмкін. Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде және келісімшартқа қосымша түрінде жасалады.

Келісімшарттың қабылданған міндеттемесін тараптардың бірі бұзған кезде екінші тарап қарсы жақты 10 күн ішінде жазбаша түрде хабардар ете отырып келісімшартты бұзуға құқығы бар.

4.2. Туындаған даулар тараптар арасындағы жолымен шешіледі, ал келісім болмаған жағдайда - қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

4.3. Келісімшарт тең құқықтық күші бар 2 дана болып жасалды; Біреуі университетте, екіншісі кәсіпорында сақталады.

БИН 051240006235 РНН 600700030861 ОКПО 40679496 "ҚАЗАҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ" ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ Заңды мекен-жайы: АЛМАТЫ қ., Әуезов ауданы, 8-ықшам ауданы, 19 "А" (КАТО: 751310000)	«әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» ШЖҚ РМК әл-Фараби, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040.Мекен- жайы: Алматы қ., Абылай хан даңғылы, Әл-Фараби к-сі, 71 ЖСК KZ29319A010004148977, Алматы қ. "БТА Банкі" АҚ, БИК АВКЗКЗКХ БСН 990140001154 КБЕ 16
--	---

<p>«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС</p>  <p>Тойбаева Ж.Н.</p> 	<p>әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Журналистика факультеті</p>  <p>Мелсеубек С.М.</p> 
--	--